

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 тамыздағы N 1022 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 749 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1494 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын және Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 тамыздағы N 1022 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында "тәртібі туралы Ережені" деген сөздер "ережесін" деген сөзбен ауыстырылсын;

кіріспесінде "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығын " деген сөздер "Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңын " деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "тәртібі туралы Ережесі" деген сөздер "ережесін" деген сөзбен ауыстырылсын, "(қоса беріліп отыр)" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын және Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібі туралы Ережеде:

мемлекеттік тілдегі мәтінде "бекітілген" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

тақырыбында :

"тәртібі туралы Ереже" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Пайдалы қазбалар" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен толықтырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде 1-тармақ өзгеріссіз қалдырылсын;

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі", "Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын пайдалану министрлігінің органдары үшін", "Қазақстан Республикасының Геология және

жер қойнауын қорғау министрлігінің органдарына" деген сөздер тиісінше " геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органы", " геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік орган үшін", " геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - тармақта :

үшінші абзацтағы "мемлекеттік баланстарының есебінен алынған" деген сөздер "мемлекеттік баланс есебінен алынған" деген сөздермен ауыстырылсын; мемлекеттік тілдегі мәтінде алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жерасты суларының барлық түрлерінің, сондай-ақ көпдебитті бұлақтар түріндегі көріністері, емдік балшықтар кен орны";

6-тармақ алынып тасталсын;

8-тармақтағы "бірлесіп" деген сөз "келісім бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Паспортқа геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі мемлекеттік орган қол қояды. Төрт данада дайындалған паспорттың: екі данасы - геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға, үшіншісі - жер қойнауын пайдаланушыға, төртіншісі - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.";

20-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі